Eurasian Bank


«Еуразиялық банк» АҚ

Қазақстан Республикасы, A25Y5K2
Алматы қ., Қонаев к-сі, 56
Тел.: +7 (727) 250 86 84
Факс: +7 (727) 244 39 24

АО «Евразийский банк»

Республика Казахстан, A25Y5K2
г. Алматы, ул. Кунаева, 56
Тел.: +7 (727) 250 86 84
Факс: +7 (727) 244 39 24

Eurasian Bank JSC

56, Kunaev St., A25Y5K2
Almaty, Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 250 86 84
Fax: +7 (727) 244 39 24


№ 9-010/423 от « 01 » 02 2021 г.

Банктер және басқа серіктестер

"Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк) Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен барлық қарастырылған лицензиялары және рұқсаттары бар, тұрақты орналасқан орны бар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген қаржы ұйымы болып табылады.

Банк "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау үшін, сондай-ақ "Өз клиентіңді біл" саясаты аясында Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі - КЖ/ТҚҚ) бойынша барлық қажетті шараларды жүзеге асыратыны жайлы хабарлайды.

Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға ықпал ететін қызметке тікелей немесе жанама қатысы жоқ.

КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасының талаптарын іске асыру мақсатында Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау ережелері (бұдан әрі - Ережелер) әзірленген және бекітілген. Банкте КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастыруды комплаенс және ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады. Комплаенс және ішкі бақылау қызметі директорының орынбасары Ережелердің сақталуына мониторинг жүргізу үшін жауапты тұлға болып табылады. Банк қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарына сәйкестігін ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету комплаенс және ішкі бақылау қызметі директорының міндеттеріне кіреді. Банкте ішкі бақылау жүйесін КЖ/ТҚҚ саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үйлестіруді және оның құрылымын ұйымдастыруды Басқарушы директор - Бас комплаенс-бақылаушы жүзеге асырады.

КЖ/ТҚҚ аясында ішкі бақылауды іске асыру ережелеріне сәйкес шаралар төмендегілер арқылы жүзеге асырылады:

1) КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру бағдарламалары;
2) деректерді сәйкестендіру және белгілеу бағдарламалары;
3) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару бағдарламалары;
4) клиенттің операцияларына мониторинг жүргізу және зерттеу бағдарламалары;
5) КЖ/ТҚҚ саласында Банктің қызметкерлерін дайындау және оқыту бағдарламалары.

Банкте КЖ/ТҚҚ саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатыспайтын мемлекеттерде (аумақтарда) тіркелген банктерде шоттары жоқ, сондай-ақ ширма банктермен қатынастарды орнатпайды және олармен корреспонденттік қарым-қатынастарды ұстанбайды.

Банктің орналасқан орны құрылтай құжаттарында көрсетілген мекенжайға сәйкес келеді: Қазақстан Республикасы, 050002, Алматы қ., Қонаев көшесі, 56.

Басқарушы директор - Бас комплаенс-бақылаушы — Мусина Г.Г.

Еуразиялық Банк

Орындаған: Абдельдинов Д.Т.
Тел.: +7(727)2599599, ішкі 2067
Dulan.Abdeldinov@eubank.kz

001921896